

**«АСТАНА МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
Ортопедиялық және балалар
стоматологиясы кафедрасы**

**Тіс протездерін дайындау технологиясы
бойынша дәріс**

**Металл базисті алмалы протез
әзірлеу технологиясы**

● Мақсаты:

● 1. Алмалы-салмалы протез туралы ұғым.


● 2. Металды базисті алмалы-салмалы протез ерекшеліктері.

● 3. Дайындау кезеңдері.

- Пластиналы алмалы салмалы протездердің базисі ауыз қуысының шырышты қабатының көп бөлігін алып жатады, сондықтан рецепторлық алаңның беткейі кішірейеді. Соның салдарынан протездің базисімен жабылған шырышты қабат қажетті сыртқы тітіркенгіштерден толықтай айырылады да, протезді қолдану барысында дәмді, температураны сезу рецепторларының қабылдауы бұзылады.

- Протездің базисімен жабылмаған жердегі рецепторлардың белсенді қызметінің арқасында, бұзылыстар біртіндеп жойылады. Егер протез жылуды жақсы өткізетін материалдан жасалса, ыстық пен суықты қабылдауы біршама дәрежеде сақталады. Осындай материалдарға асыл және асыл емес металлдардың құймалары жатады.

Базисті әрлеу үшін металдан жасалған торша



Металлдық базистерді мына жағдайларда қолдану тиімді:

- 1) пластмассалық базисті қолданған кезде пайда болатын аллергиялық реакциялар кезінде;
- 2) жоғары жақтағы пластиналы протез жиі сынса (бұл жағдай төменгі жақта табиғи тістер сақталып қалған жағдайда болады); пластмассадан жасалған протездің базисін мықты ету үшін арнайы металл торшаларымен әрлеуге болады;
- 3) температуралық және сипап-сезу сезімдері бұзылулары кезінде;
- 4) тіл үзбелерінің жоғары бекуі және клиникалық сауыт төмен болса;
- 5) дикцияның бұзылуы кезінде.

Алмалы-салмалы протезде металлдық базис тістерден толық айырылған кезде ғана емес, жеке тұрған тіс қатарының ақауы кезінде де қолданылады.

- **Протездің металлдық базисі** штамптау және құю әдістерімен жасалады. Суппле (1964) мәліметтері бойынша, алтыннан жасалған металлдық штампталған базис 1757 жылдан бастап қолданысқа ие болған. Технологияның жеткілікті дәрежеде дамымауынан кең таралмаған және вулканизацияланған каучук пайда болған соң дайындау тоқтатылды.

● Штампталған металлдық базисті дайындау – қиын процесс болып табылады және протезді қасықтың тіндердің дәл көшірмесін көрсетпейді. Қатпарлар мен кемістіктерді жою үшін көп сатылы термиялық өңдеу металлдың құрылымын өзгертеді, сондықтан бұл әдісті қазір қолданбайды.

- Акрилдік пластмассаны науқастардың көтере алмауына байланысты, сонымен қоса алмалы-салмалы протездердің жиі сынуынан дәрігер-ортопедтер металлдық базиске қайта оралды. Бұған технологиялық әдістердің дамуы және жаңа металл қоспалары пайда болуы әсер етті.


- Металдық базистен жасалған алмалы – салмалы протездер шырышты қабаттың рельефін жақсы қайталайды, әсіресе таңдайдың көлденең қатпарлары аймағында, Сол үшін бөгде зат тұрғандай сезімді төмендетеді. Бірақ жоғары жақта қолданған кезде, ең басты кемшілігі – пластмассалы пластинаға қарағанда ауырлау келеді. Металдық базис жоғары жылу өткізгіштік қасиетінен, ыстық және суық тағамды қабылдау кезінде ыңғайсыздық тудыруы мүмкін.

- Қазіргі кезде металлдық базистерді керамикалық модельдерге хром-кобальт қоспасын құю арқылы немесе жұмысшы модельден балауыздық композиция алу арқылы жасауға болады. Құю әдісі арқылы базисті хром-кобальт қоспасынан жоғары жаққа да, төменгі жаққа да жасауға болады; олар шырышты қабатты таңдай және вестибулярлы жақтан жауып тұрады. Аралас базисті протезді дайындау әдісі де қолданылады, бұл кезде таңдай жағы - металдан, ал вестибулярлы жағы — пластмассадан жасалған.

- **Тіссіз жоғары жақ металлдық базисінің шекаралары.** Жоғары жаққа арналған металлдық базистің үш типі бар. Бірінші типте барлық протезді қасықты алып жатады, кіреберістен, “А” сызығына дейін. Бұл жағдайда пластмасса мен шырышты қабат арасындағы қатынас толықтай шектеледі.
- Екінші типте, қатты таңдайдан және таңдайдың альвеолярлы өсіндіге өткен жерінен басталады да, жүлге шыңы және “А” сызығымен бітеді.

- Үшінші типте шекаралары шектелген боп келеді, ол тек қана қатты таңдайдың жартысын, альвеолярлы өсіндінің жүлгесі мен “А” сызығына 5-6 мм жетпей жауып тұрады.
- Бірінші және екінші типтегі базисті акрильден жасалған пластмассаны көтере алмайтын және аллергиялық реакциялары бар пациенттерге протездеу сәтті өткен жағдайда (жанама сүйек дөңестігінің болмауы, қатты таңдай күмбезі биік болған кезде) сирек қолданады.

Үшінші типтегі металлдық базис





Металды балқытып құйып жасайтын базисті балауыздан мүсіндеу

- Металлдық базистегі алмалы салмалы протездеу көрсеткіштері: альвеолярлы өсіндінің біркелкі атрофиясы кезінде, қатты таңдай икемсіз қатты болса және анатомиялық ретенция нашар болған жағдайда. Бұл протездер салмағы жағынан пластмассадаң жасалған протезден көп айырмашылығы жоқ. Осындай типтегі металлдық базисті қолдану базистің пластмассалық бөлігінің жақсы орнығуына жағдай жасайды.



Металды балқытып құйып жасалған базис



Аралас базисті жасау әдісі.

- Модельді қатты гипстен күнделікті әдіспен жасайды, оған болашақ базистің шекараларын сызады. Егер табиғи тістер сақталып қалса, параллелометрде базистің шекараларын сызады. Металдық базистің шеті мен жүлгенің үстінен саңылау қалу үшін, тіссіз альвеолярлы өсіндінің ең үстіне балауызды қалыңдығы – 0,3 мм, ені – 2-3 мм етіп салады.

● Содан соң көшірмесін жасайды, яғни отқа төзімді массадан модель алады. Содан соң базисті мүсіндейді. Бұл мақсатта от жалынның астында бюгельді балауызды 0,3 мм қалыңдықта қыздырады да, белгіленген сызық бойымен артық балауызды кесіп алып тастайды. Пластмасса мен жасанды тістерді бекіту үшін ретенционды ілмек дайындайды. Пластмассаның металға өтетін жағын біртегіс ету үшін, оральді жағынан баспалдақ (фальц) жасайды.

Мүсіндеп болған соң, металлды балқытады. Арнайы кюветада балауызбен мүсінделген балауызды отқа төзімді массамен пішінін келтіреді. Базисті хром-кобальт қоспасынан құйып болған соң, жылтыратып, тегістейді. Осылайша дайындалған металлдық таңдай пластинкасын модельге бекітеді және вестибулярлы жағын мүсіндеп, жасанды тістерді орнатады.

● Ең маңызды кезең – балауызды пластмассаға ауыстыру.

Балауызды кюветадан алған соң, металлдық базисті модельге БФ-2 немесе ацетон желімімен жабыстырады. Бұл пластмассаның пішінін келтірген кезде қисайып кетпеуі үшін керек.

- Қолданылған әдебиеттер:
- Ахметов М.А., Орысша-қазақша медициналық тілдескіш, Астана, 2009.
- Ахметов М.А., Медициналық терминдер сөздігі (40 мыңға жуық термин)., Алматы, Дайк-Пресс, 2009, - 800 б.
- Ахметов М.А., Қазақша-орысша сөздік.
- Құлманбетов И.А. Стоматология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы, «Қазақстан», 1991.
- Русско-казахский словарь 1-3 тома,
- Темирбаев, М.А., Баиров И.О. Изготовление полных съёмных протезов методом функционального моделирования. Методические рекомендации. Алма-Ата, 1988, 11 стр.
- Темирбаев М.А. Этиология, патогенез, клиника протезных стоматитов: Дис. докт. мед. наук - М., 1989. -368с.
- Алимжанов С.Ж., Клинико-лабораторные этапы изготовления ортопедических конструкций, Учебно-методическое пособие, Астана, 2012.
- С.Ж.Алимжанов, Ортопедическое лечение больных при полной потере зубов, Учебно-методическое пособие, Астана, 2008.
- Алимжанов С.Ж., Тістерінен толық айырылған науқастарды ортопедиялық жолмен емдеу, Оқу құралы, Астана, 2010.
- В.Н.Трезубов, А.С.Щербаков, Л.М.Мишнев. Ортопедическая стоматология. Санкт-Петербург, 2005г.
- Калинина Н.В., Загорский А.А. Протезирование при полной потере зубов - М.: Медицина, 1990. -224 с.
- Н.В. Калинина, В.А Загорский. Протезирование при полной потере зубов. М., 1969.
- П.Т. Танрыкулиев. Клиника и протезирование беззубых челюстей. Ашхабад, 1968.
- Рыбаков А.И., Гернер М.М., Нападов М.А. и др. Материаловедение в стоматологии. - М., 1984. - 424 с.
- Заксон М.Л., Пясецкий М.И., Козлюк В.И. Ортопедическая геронто-стоматология. -Киев: Здоровье, 1986. -С.87.

Тексеру сұрақтары (кері байланыс)

1. **Металды базисті алмалы-салмалы протез дайындайтын қазіргі материалдар**
2. **Металды базисті алмалы-салмалы протездің құрылымдық ерекшеліктері.**
3. **Металды базисті алмалы-салмалы протез дайындау кезінде қолданылатын заманауи формалау массалары**